

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшеева А.Ж

Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Сыныбы: «Ә» сыныбы

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:

6-10 мамыр 2023-2024 оқу жылы

Сынып жетекшісі: Жумабекова М.Б

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес әңгімелесу			Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында өзгез қабылдап жақсы көретінін білдіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)			Ойын – жағтығу: «Мен батырмын»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру. Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. Қарулы күштердің мемлекетімізді сыртқы жаудан қорғау үшін қажет екенін түсіндіру.	Дидактикалық ойыны: «Сикырлы суреттер» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. Балаларды Отанын елін, жерін қорғауға тәрбиелеу. Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту, құрастыру дағдыларын жетілдіру.	Үстел үсті ойындары Мозайка құрастыру Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру. «Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу Ұқсай ма, ұқсамай ма Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету, байқампаздық.

Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 13				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)			<p>«Ел қорғайтын, ер ағалар»</p> <p>Ел қорғайтын, ер ағалар,</p> <p>Ардағымыз, арымыз.</p> <p>Ерлер тойын, елдің тойын,</p> <p>Қарсы аламыз бәріміз!</p>	<p>«Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!»</p> <p>Жүреміз даңқты жолдармен, Қырандар бірге самғаған. Әзірге титтай болғанмен Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!</p>	<p>«Отан қорғаушылар дегеніміз кімдер?»</p> <p>Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру.</p> <p><i>Қаламыздағы полиция қызметкерлері жайлы сөйлесу олардың суреттерін тамашалау</i></p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті Мақсаты</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Мақсаты .</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті -- Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту (кірікт.09.05) - Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту МақсатыСызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру. .</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дөп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар,</p>	<p>Сауат ашу негіздері МіндетіСызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту Мақсаты Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту</p> <p>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау, Альбина, ал т.б . -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті.Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру</p> <p>Суретке қарап, тақырыбын болжа. Суреттен кімдерді көріп тұрсың? Ортада жанып тұрған от туралы не білесің? Балалардың қолында не бар? 2. Жеңіс ардагерлерін құттықтау ашықхатының суретін сал. Боя. 3. Мақалды түсініп ал. Отан үшін отқа түс, күймейсің. Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді.</p>

			<p>жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, кырық-қабат, даң-ғыл, қоңырау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, ко-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші? Балалардың жауабы тыңдалады. Балалар дәптердегі суретке мұқият қараңдар. Дәптермен жұмыс</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Суретке қара. Сызба бойынша сөйлем құра. 2. Жұмбақты шеш. Шешуін буынға бөл. Бір көзім: «Кідір!» – дейді, Бір көзім: «Жүр!» – дейді. Бір көзім: «Абайла!» – дейді, – «Қарап ал, маңайға!» – дейді. 3. Бағдаршамның түстерін ата. Сары түсті белгіні тиісті дыбыстық сызбамен қос 	<p>-жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық, жаркыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б. Ойын соңында жұлдызшасы ең көп бала жеңімпаз болады. Дәптермен жұмыс</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Суреттерді ата. Сызба бойынша сөйлем құра. 2. Дыбыстық талдау жаса Таң, бұлт сөздеріне дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға орындарында өз беттерімен дыбыстық талдау жасатады. Дыбыстық сызбаны тақтаға іліп бір- бір баладан тақтада жасатады. Балалар жұмыстарын тақтадағы талдаумен салыстырады, қателерін түзейді. Таң сөзінің дыбыстық талдауы. Таң сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. а – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. ң – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.
--	--	--	---	---

Үзіліс:

<p>БАЛА САУСАҒЫН ОЙНАТА ОТЫРЫП, ТІЛІН ДАМУ</p> <p>Ә. Нарымбетовтің «Шекарашы ағалар» өлеңін оқу, жаттау.</p> <p>Тыныштығын елінің,</p> <p>Тыныштығын жерінің</p> <p>Күзететін қырағы,</p> <p>Туған елдің қыраны.</p>	<p>Тақырыбы: "Үйрек үйрек, қаз". Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. Барысы: Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру. Ойынның қиындығы : олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" рөлінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.</p>	<p>Үстел үстінде ойналатын ойындар.</p> <p>Ойын: «Сарбаздарға не керек?»(5-10 мин)</p> <p>Мақсаты:Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.</p> <p>Керекті құралдар: ойынға керек ресурстар.</p> <p>Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.</p>
---	--	---

Отанымның ұланы – Шекарашы ағалар.		«Сақшы» ойынын рөлдерге бөліп ойнату. Мақсаты: Балаларды өз қалауларымен рөлдерді бөлу және олардың іс-әрекеттерін дұрыс атқару, бірлестікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу.
---------------------------------------	--	---


2 - ұйымдастырылған іс-әрекет



	<p>Қоршаған орта Міндеті: -</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Мақсаты .</p>	<p>Математика негіздері Міндеті - Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. (кірікт.09.05) - Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету Мақсаты Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.</p> <p>демонстрациялық материалмен жұмыс – Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен? Педагог көз арқылы анықтауды ұсынады, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды. Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ – таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерліктері туралы білу -Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну Мақсаты балаларды әскери мамандық түрлерімен және Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру</p> <p>1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Фашистер бүкіл әлемді жаулап алғылары келді. Бірақ елін, жерін жаудан қорғаймыз деп бүкіл Кеңестер Одағының ержүрек ұл-қыздары қару-жарақ алып, қарсы тұрды. Ұлы Отан соғысы кезінде біздің көптеген әскери сарбаздарымыз ерлікпен шайқасып, неміс фашистерінен елімізді қорғап қалды. Майданда талай батыр аталарымыз бен апаларымыз өздерінің ержүректілігімен көзге түсіп, батыр атанды. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Оның ішінде біздің Қазақстаннан шыққан батырлар өте көп. Қазақтың</p>	<p>Математика негіздері Міндеті -Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету Мақсаты Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.</p> <p>1-тапсырмада балалар өлшеуіштерді бояйды, салыстырады. – Әр қарындаш үшін қанша өлшем боялған? Ең ұзынын табыңыз. Онда қанша өлшем бар? Ең қысқа қарындаш қандай түсті. Онда қанша өлшем бар? Сол сияқты, күнбағыспен берілген тапсырма орындалады. Педагог балаларды тапсырманы орындау кезінде ұқыптылыққа шақырады. Дәптерлерін үстелдегі көршісіне көрсетуді ұсынады. Өз пікірін бір-біріне білдіруді болатынын айтады.</p>
--	---	---	--	---	---

			<p>таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.</p>	<p>батырларының бірі – Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, аты аңызға айналған жазушы – Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы – Мәскеуді қорғаған, батальон командирі, қайтпас қайсарлығымен, батырлығымен көзінің тірісінде аты аңызға айналған даңқты қолбасшы. Соғыстан кейінгі жылдары әскер бөлімінде қызмет атқарды. Елордамыздың 10 жылдық мерейтойында Нұр-Сұлтанның төрінде 16 метрлік алып ескерткіш Бауыржан Момышұлы құрметіне орнатылды (суретті көрсету). – Кеңестер Одағының тағы бір батыры – Рақымжан Қошқарбаев Берлинді алу кезінде асқан ерлік көрсетті. 30 сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. «Отанымызды қорғаймыз» деп барлық адамдар бір кісідей жұмылып, жауға қарсы тұрды, сондықтан Ұлы Отан соғысы деп аталады. – Кеңестер Одағының батырлары, қазақ қыздары Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова бейнеленген. Мәншүк Мәметова Алматы қаласындағы №28 мектепте оқыған. Мәншүк Ұлы Отан соғысы басталғанда, 1942 жылы Алматы қаласындағы медицина институтында оқып жүрген еді. Ол өз еркімен сұранып қазақ ұлттық 100-бригадасы құрамында майданға аттанады. Аға сержант, пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және тобында батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. Қасындағы</p>	
--	--	--	--	--	--

				<p>жолдастарынан айырылған Мәншүк үш пулеметті қатарынан қойып, жауды 3 сағат бойы жалғыз бөгеп тұрған. Қаһарман қызға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Алматы, Орал т. б. қалаларда Мәншүк атында көшелер бар. Қаһарман қыздың өмірі мен өшпес ерлігі жайлы «Мәншүк туралы жыр» атты көркем фильм түсірілді.</p> <p>Әлия Молдағұлова – майдандағы алғашқы әскери наградасы – Даңқ орденін 1943 жылы Псков облысындағы Холм қаласы үшін болған ұрыстарда алған. Ал 1944 жылдың 14 қаңтарында Казачиха селосы үшін болған ұрыста опат болған командирдің орнын басып, жауынгерлерді шабуылға бастаған Әлия сол шайқаста өзі де ерлікпен қаза тапқан.</p> <p>1944 жылы маусымда үкімет қаулысымен Әлия Молдағұловаға «Кеңес Одағының батыры» атағы берілген.</p>	
--	--	--	--	--	--

Үзіліс:

	<p>Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери» Мақсаты: ойын сюжетін шығармашылық түрде дамыту қабілетін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда соғыстағы батырлар туралы нақты идеяларды, олардың Отан үшін жасаған ерліктерінің моральдық мәнін қалыптастыру. Балалардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтанш сезімін, адамдардың ерлігіне таңдануды тәрбиелеу. Материал: сарбаздар мен әскери техникалар жиынтығы, медбикелерге арналған орамалдар. Ойынға дайындық: әскери тақырыптағы суреттерді қарау, шығармаларды оқу: Л. Кассиль " бас Армия», "Кеңес сарбазына ескерткіш", Я.Друганский "сарбаздар не істей алады". Ойынға атрибуттар жасау. Барысы: Қарау иллюстрациялар ҰОС туралы. – Бүгін біз бұл суреттерді оңай қарастырмаймыз. Бір</p>	<p>Психологиялық ойын: Ойын:«Атомдар мен молекулалар» Мақсаты: Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыңыздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген. Ойын шарты:</p>	<p>Сюжеттік-рөлдік ойын:«Әскери»</p> 
--	---	---	---

	<p>салтанатты күні біздің еліміз өте маңызды және есте қаларлық мерекені атап өтеді. Бұл қандай мереке екенін кім біледі? (Жеңіс күні). Бұл төрт жылға созылған және халқымыздың жеңісімен аяқталған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні. Бұл өте қорқынышты соғыс болды. Фашистер біздің елімізді басып алып, халқымызды құлдыққа алғысы келді, бірақ олар жетістікке жете алмады. Төрт жыл бойы, күн сайын, ай сайын, жыл сайын біздің халқымыз фашистік армиямен шайқасты. Және, ақырында, жеңіске жетті. Себебі әділеттілік үшін күресіп, соя Отанын, халқын қорғаған адам әрқашан жеңіске жетеді. Бүгін біз "Әскери" ойынын ойнаймыз. Ол үшін рөлдерді бөлу керек. Біздің ойынның негізгі қатысушылары кім екенін айтыңыз (әскери, сарбаздар, командирлер, ұшқыштар).</p> <p>Топтың орталығындағы әскери әрекеттер. Біз екі командаға бөлініп, өз орындарымызды аламыз.</p> <p>Ұрыс кезінде жараланғандар болады, сондықтан бізге медсанбат керек. Медсанбате болады еңбек етіп, дәрігер және медбике. Жауынгерлерімізді жеңуге көмектесу үшін тылда жұмыс жасау керек. Ол үшін снарядтар мен әскери техника шығаратын әскери зауыт ұйымдастырамыз. (Әскери зауытқа жұмысқа тағайындаймыз). Ұрыс кезінде кейде тыныштық болады, содан кейін дала асханасы пайда болады, олар сарбаздарға тамақ әкеледі. Бірақ алдымен оны дайындау керек. Мұны аспаз жасайды. Ал қыздар үй мен балалармен айналысады.</p> <p>Барлық рөлдер таратылды, енді ойынды бастаймыз. Соғыста орыс сарбаздары жеңіске жетті, ал бізде Достық бар. Мобильді ойын "Кім жылдам?"</p> <p>Армиядағыдай бірнеше қатарға орналастырылған орындарда гимнаст, комбинезон, жадағай, буденовка, бескозырка бар. Команда бойынша балалар мүмкіндігінше тез киінуі немесе қуыршақтар киноі керек. Барлық әрекеттерді басқаларға қарағанда тезірек және дұрыс жасайтын адам жеңеді. Жеңімпаз тағайындалады командир. Ол конвертті басып шығарады және балалардың келесі жолы қандай әскери бөлімге баратынын хабарлайды.</p>	<p>«Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетіміздей атомдар молекулаларға айналады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».</p> 	
--	--	---	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

			<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру - Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану Ә кірікт.08.05 Мақсаты -Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту.</p> <p>–Енді мен әңгімені оқиян, ал сендер мұқият тыңдаңдар: Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру</p> <p>9 Мамыр – Жеңіс күні! (Слайд көрсету, әңгімелеу.) – Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды. Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету. – Ұлы Отан соғысына қатысқан</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесу Мақсатытүстерді қазақша айтуға үйрету. Қима материалмен жұмыс. – Мынау – жапырақтар. Мынау жапырақтың түсі қандай? – Жапырақтың түсі сары. – Мынау жапырақтың түсі қандай? – Жапырақтың түсі жасыл. – Алманың түсі қандай? – Алманың түсі қызыл. – Мынау қарындаштың түсі қандай? – Көк түсті.</p>
--	--	--	---	---	---

			<p>үйде отырғанын көрмейсін. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды.</p> <p>–Ата, «мандай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді.</p> <p>Қолына күрек ұстатты да:</p> <p>–Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді.</p> <p>Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.</p> <p>–Сондай дәмді! – деді Хамит.</p> <p>–Мандай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің мандай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.</p> <p>1.Өңгімеде кімдер туралы айтылады?</p> <p>2.Хамит атасынан не туралы сұрады?</p> <p>3.Атасы осы кезде не деді?</p> <p>4.Хамит тоғайдан не қазып әкелді?</p> <p>5.Көп жылдар өткен соң не болды?</p> <p>6.Атасы Хамитті қайда әкелді?</p> <p>7.Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті?</p>	<p>батыр аға-апаларымызды атайықшы. (Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рахымжан Қошқарбаев т.б.)</p> <p>– Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіледі.</p> <p>– Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.</p> <p>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.</p> <p>Өлең қалай аталады?</p> <p>– Өлең ұнады ма?</p> <p>– Авторы кім?</p> <p>– Өлеңде не туралы айтылған?</p> <p>Жеңіс мерекесі қай күні екен?</p>	<p>– Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайды)Мынау – қара түс, қара.</p> <p>– Қандай түс?</p> <p>– Қара түс.</p> <p>– Мынау – күлгін түс, күлгін.</p> <p>– Қандай түс?</p> <p>– Күлгін түс.</p> <p>– Мынау – көгілдір түс, кө-гіл-дір.</p> <p>– Қандай түс?</p> <p>– Көгілдір түс.</p> <p>– Мынау – қызғылт түс, қызғылт.</p> <p>– Қандай түс?</p> <p>Қызғылт түс</p> <p>Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.</p>
<p>Үзіліс:</p>					

Ойын: «Әскери мамандықтар»
Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, іскерліктерін дамыту.
Ойын барысы: Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады.
Шекарашы
Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді.
С. Чертков
Ұшқыш
Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшақ жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады.
С. Чертков
Теңізші
Теңізші кемеде жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі.
С. Чертков
Өрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады. Мысалы: шекарашы, барлаушы, теңізші, сарбаз, офицер.

Қимылды ,еңбек ойын:
«Күзетшілер»
Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты: Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады. Екі ойыншы қақпаның күзетшілері болады. Екеуінің де көзі орамалмен байланады да, аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын айқастыра ұстап, қарама-қарсы «көпір» жасап тұрады.

Басқа балалар бір-бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс. Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды. Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса, оған қолын тигізеді, яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі. Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады. Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүлде беріледі.

Тәрбиеші: Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытыңдарыңа мен көміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін!



Лабиринт



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Мақсаты</p>	<p>Музыка Міндеті: - Мақсаты</p>	<p>Музыка Міндеті - Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру - Қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату(кірікт.09.05) Мақсаты Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Музыка тыңдау: «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: -Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) Мақсаты .Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын спорттық ойындар арқылы дамыту. Биіктігі 15 см модульге орыннан аяқпен итеріліп, қолымен сермеп көмектесе отырып секіріп шығу</p> <p>«Секіргіштер» 15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону. Секіру сызығына келіп тұрады. Жерден екпіндеп итеріледі де, қолдарын сермеп көмектеседі. Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады.</p> <p>«Футболшылар» – «Допты дәл беру» Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді. Қалағандарынша дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне көз мөлшермен мөлшерлеп, аяқ басының ішкі жағымен беруге тырысады</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет)(кірікт.08.05) Мақсаты .Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p> <p>«Гимнастика» Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады. Арқасын түзу ұстап, еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>

Серуен			<p align="center">Мамыр</p> <p align="center">Серуен-Бақылау №6 Бақылау: Жәндіктерді бақылау</p> <p>Мақсаты : «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.</p> <p align="center">Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</p> <p>Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды.</p> <p>Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)</p> <p>- Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік той? (маса) - Ызындап ән салып, Жүп-жүқа қанаты.</p> <p>Тәттіге тамсанып, Қокысқа қонады. Бұл не? (шыбын)</p> <p>Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді.</p>	<p align="center">Мамыр</p> <p align="center">Серуен-Бақылау №7 Бақылау:</p> <p align="center">Құмырсқаларды бақылау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p align="center">Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев</p> <p>Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері.</p> <p>Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан.</p> <p>Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар.</p> <p>Балаларға сұрақтар</p> <p>Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (<i>зиянда жәндіктерді құртады</i>) Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ) Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар</p>	<p align="center">Мамыр</p> <p align="center">Серуен-Бақылау №8 Бақылау:</p> <p align="center">Найзағайды бақылау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>«Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту.</p> <p align="center">Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады</p> <p>Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады.</p> <p>Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады.</p> <p>Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тоғы</p>
--------	--	--	--	--	---

			<p>Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)</p> <p>Тәрбиеші сұрақтары.</p> <p>◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)</p> <p>◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>)</p> <p>Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар)</p> <p>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)</p> <p>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>)</p> <p>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>).</p> <p>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p>Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау.</p>	<p>өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстіндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.</p> <p>Құмырсқалардың қандай пайдасы бар? ◆ Олар өз илеулерін қайда салады?</p> <p>◆ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)</p> <p>Зерттеу қызметі</p> <p>Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына кант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау.</p> <p>Еңбек</p>	<p>жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады. күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.</p> <p>Зерттеу қызметі</p> <p>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.</p> <p>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы</p> <p>Нөсерлеп жаңбыр басталды,</p> <p>Науада қалқып қақ қалды.</p> <p>Найзағай тынбай жарқылдап,</p> <p>Нөсер тұр құйып сатырлап.</p> <p>Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)</p> <p>Еңбек</p> <p>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;</p> <p>2 топ-қоқыстарды шығару</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;</p>
--	--	--	---	---	---

			<p>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.</p> <p>Еңбек: Алаңды коқыстардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Ойын алаңын тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</p>	<p>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру</p>
Серуеннен оралу			<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>
Балалармен жеке жұмыс			<p>Мүсіншілер</p> <p>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Пішіндерден өз ойымен әр түрлі затты құрастырып шығару</p>	<p>Аквариумдағы балық</p> <p>Мақсаты: балаларды негізгі формадан немесе қосымша бөлшектер формасынан бастап, сурет салуға жаттықтыру</p>	<p>«Таңғажайып алақан»</p> <p>Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)			<p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».</p> <p>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</p>	<p>Қимылды ойын «Итеріспек».</p> <p>Мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> •Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; •Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. <p>Жаттығу ойыны</p>	<p>Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап».</p> <p>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.</p> <p>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».</p> <p>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру</p>

			<p>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.</p> <p>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады</p>	<p>Қимылдарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру.</p> <p>Тыйым сөздер: Құмырсқа илеуін бұзба.</p>	<p>Халық болжамы:</p> <p>•Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.</p> <p>Қарлығаш келсе күн күркірейді</p>
Балалардың үйге қайтуы			<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

